

**"Әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушыларды тасымалдаушылар мен операторлардың вагондарды (контейнерлерді) сатып алуын кредиттеуге және олардың қаржыландыру лизингіне сыйақының мөлшерлемесін субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 16 маусымдағы № 497 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 410 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 23 тамызда № 15522 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушыларды тасымалдаушылар мен операторлардың вагондарды (контейнерлерді) сатып алуын кредиттеуге және олардың қаржыландыру лизингіне сыйақының мөлшерлемесін субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 16 маусымдағы № 497 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14002 болып тіркелген, 2016 жылғы 6 қыркүйекте "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушыларды тасымалдаушылар мен операторлардың вагондарды (контейнерлерді) сатып алуын кредиттеуге және олардың қаржыландыру лизингіне сыйақының мөлшерлемесін субсидиялау қағидаларында:

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Субсидиялауға жаңа вагондарды сатып алуға арналған кредиттеу және қаржылық лизингінің сыйақы мөлшерлемесі жатады.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Субсидиялауға қарыз/қаржы лизингі шартына сәйкес тасымалдаушыларға арналған сыйақы мөлшерлемесінің жылдық мөлшері 0,1%-дан және операторларға арналған сыйақы мөлшерлемесінің жылдық мөлшері 5%-дан асқан, алайда 10%-дан жоғары емес жағдайда жатады, ал қалған бөлігі тасымалдаушы мен операторлармен төленеді.";

6-қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз тасығыштағы және электрондық нысандағы көшірмелерін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларына сәйкес іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Инвестициялар және даму  
министрі

Ж. Қасымбек

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі

\_\_\_\_\_ Б. Сұлтанов

2017 жылғы 17 тамыз

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрі

\_\_\_\_\_ Т. Сүлейменов

2017 жылғы 10 тамыз

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің  
2017 жылғы 30 маусымдағы  
№ 410 бұйрығына  
қосымша  
Әлеуметтік маңызы бар  
қатынастар бойынша  
жолаушыларды  
тасымалдаушылар мен  
операторлардың вагондарды

(контейнерлерді) сатып алуын  
кредиттеуге және олардың  
қаржылық лизингіне сыйақының  
мөлшерлемесін субсидиялаудың  
қағидаларына  
6-қосымша  
Нысан

**Әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушыларды  
тасымалдаушылар мен  
операторлардың вагондарды (контейнерлерді) сатып алуын кредиттеуге және  
олардың  
қаржылық лизингіне сыйақының мөлшерлемесін субсидиялау туралы \_\_\_\_\_**

**№ \_\_\_\_\_ шартына сәйкес  
(күні және нөмірі)**

**\_\_\_\_\_ кезеңі үшін № \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ "**  
**(бюджеттік бағдарламаның атауы)**

**бюджеттік бағдарламасы бойынша Әлеуметтік маңызы бар қатынастар  
бойынша**

**жолаушыларды тасымалдаушылар мен операторлардың вагондарды (**  
**контейнерлерді)**

**сатып алуын кредиттеуге және олардың қаржылық лизингіне сыйақының  
мөлшерлемесін субсидиялауға арналған тізімдеме**

№ р/с	Тасымалдаушының немесе оператордың атауы	Қаржылық институт есептік кезең үшін есептеген сыйақы		Есептік кезеңде бюджеттік қаражаттың есебінен сыйақы субсидиялануы тиіс	
		%	мың теңге	%	мың теңге
1	2	3		4	5

**\_\_\_\_\_ үшін субсидиялау сомасы \_\_\_\_\_ құрайды**  
**(санмен және жазбаша көрсетілген сома, теңге)**

**Тараптардың заңды мекенжайлары:**

Уәкілетті  
Б С Н  
Банктік

орган:  
деректемелері

Тасымалдаушы:  
Б С Н  
Банктік

деректемелері

(басшының қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар  
болған жағдайда))

(басшының қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған

\_\_\_\_\_ жағдайда))  
(тізімдемені қабылдау үшін жауапты \_\_\_\_\_  
басшының қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар (бас бухгалтердің қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар  
болған жағдайда)) болған жағдайда))  
Мөр орны Мөр орны

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК